

Шағынауданға және атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 22 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 ақпанда № 5401 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған ауылындағы шағынауданға және атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

1) Шолаққорған ауылындағы Түркістан қаласына шыға берістегі шағынауданға-Астана;

- 2) Шолаққорған ауылындағы № 2 көшеге – Шымкент атауы;
- 3) Шолаққорған ауылындағы № 3 көшеге – Руханият атауы;
- 4) Шолаққорған ауылындағы № 6 көшеге – Нұрлы жол атауы;
- 5) Шолаққорған ауылындағы № 7 көшеге – Ордабасы атауы;
- 6) Шолаққорған ауылындағы № 8 көшеге – Өркениет атауы;
- 7) Шолаққорған ауылындағы № 9 көшеге – Бірлік атауы;
- 8) Шолаққорған ауылындағы № 11 көшеге – Ақниет атауы;
- 9) Шолаққорған ауылындағы № 13 көшеге – Достық атауы;
- 10) Шолаққорған ауылындағы № 15 көшеге – Ынтымақ атауы;
- 11) Шолаққорған ауылындағы № 18 көшеге – Бастау атауы;
- 12) Шолаққорған ауылындағы № 20 көшеге – Желтоқсан атауы;
- 13) Шолаққорған ауылындағы № 27 көшеге – Тәуелсіздік атауы;
- 14) Шолаққорған ауылындағы № 28 көшеге – Бәйтерек атауы;
- 15) Шолаққорған ауылындағы № 29 көшеге – Алматы атауы;
- 16) Шолаққорған ауылындағы № 30 көшеге – Түркістан атауы;
- 17) Шолаққорған ауылындағы № 31 көшеге – Атамекен атауы.

2. "Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шолаққорған ауылдық округінің әкімі

А. Елибаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК